

«Жұлдыз-ай» Тамды бөбекжай-балабақшасы

Тақырыбы:
«Қазақ ертегілері»
(көрініс қою)

Өткізген: Агадиева К.А.

2022-2023 жылы

«Жеті лақ ертегісі»

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ» ертегісін естеріне түсіру, тіл байлықтарын молайту, ертегінің мазмұнын дауыс ырғағын келтіре айтуға жатттықтыру, қиын кезде достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.

Дамытушылық: Ертегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы балаларды тапқырлыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.

Ертеде бір Ешкі жеті лағымен орманда тіршілік етіпті. Бірде Ешкі орманға жиналыпты. -Есікті ешкімге ашпаңдар! Мен қайтып оралғанда есікті қағып: «Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді!» - деп ән саламын», - дейді.

Осы кезде Ешкі үйінің маңында Қасқыр жемтік іздеп жортып жүрген. Ол лақтарды алдамақ болды. Қасқыр Ешкінің кеткенін күтіп, лақтардың ешкімнің қарауынсыз қалған сәтін аңдыды.

Қасқыр үйге жақындап келіп, өзінің қарлыққан, қырылдаған дауысымен:

-Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар! Аналарың сендерге сүт әкелді!-деді.

Лақтар:

-Естідік! Тыңдадық! Бәрі- анамыздың дауысы емес.

Біздің анамыз жіңішке, нәзік дауысымен әндетеді. Кет, Қасқыр, біз саған есікті ашпаймыз, - деп жауап қатты.

Қасқыр кондитерге жүгіріп барып айтты:

Сен маған балдан дайындалған тәтті тағамынды бер, әйтпесе мен сені жеймін.

Кондитер қасқырдан қорқып өзінің өте тәтті балдан жасалған бәлішін берді.

Қасқыр бәлішті жұтып жіберіп, Ешкінің үйіне жақындап келіп, есігін қақты. Сонан соң жіңішке балдай нәзік даусымен: -Лақтарым, шұнақтарым! Есікті ашыңдар!

Аналарың сендерге сүт әкелді!-деп әндетеді.

Лақтар есікті ашты. Жауыз Қасқырға керегі сол еді. Ол үйге баса көктей, кимелей кірді де, лақтарды бірінен соң бірін қылғытып алды.

Тек бір лақ қана тығылып үлгерген еді. Сұрқия Қасқыр жетінші лақты ұзақ іздеді, бірақ таба алмады. Ешкінің келетін уақыты болып қалған болатын. Сондықтан ол зыға жөнелді.

Ешкі үйіне келсе, есік айқара ашық жатыр. Үй ішінде ешкім көрінбейді. Пеш ішінен бір лағын тауып алды. Ешкі басына түскен қайғыдан көз жасын көл қылып, зарлы үнімен жылады: - Лақтарым, шұнақтарым, көлге біткен құрақтарым! Есікті ашып, Қасқырға жем болдыңдар!

Ешкі Қасқырға келіп: «Сен бе менің лақтарымды жеп қойған?» -деп сұрады. Қасқыр оған: «Сенің лақтарыңды жеген жоқпын,»- деп жауап қатты. «Жемегеніңді дәлелде. Кел, екеуіміз мына ордан секірейік. Егер сен менің лақтарымды жемесен, онда оңай секіріп кетесің!»-деді Ешкі. Қампиған қарнымен ордан секіру Қасқырға қиын түсетіні белгілі ғой. Амал қанша?!

Секірді, бірақ өзін-өзі ұстай алмай, тура ыстық шоқтары бар орға құлады. Қарны жарылып, одан құлан таза лақтар орғып-орғып шықты. Олар аналарымен шұрқырасып табысты. Сөйтіп, Ешкі лақтарымен бұрынғыдай ауызбірліктері күшті, ынтымақта өмір сүріпті.

